

## Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округінің Березовка селосын Жездібай ауылы деп қайта атау туралы

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2011 жылғы 14 наурыздағы № 373 шешімі және Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 82 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 7 сәуірде № 3368 тіркелді

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "Хазірет селолық" сөздері "Хазірет ауылдық" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, 27-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, тұрғындардың пікірін, Мәртөк ауданының мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының ұсыныстарын ескере отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Хазірет ауылдық округінің Березовка селосы Жездібай ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Нұрқатоваға жүктелсін.

3. Осы әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е.САҒЫНДЫҚОВ

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Б.ОРДАБАЕВ

Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы

Т.ЕСЕНҒҰЛОВ